

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ  
ТІЛДЕРДІ ДАМУ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖҰМЫС КОМИТЕТІ  
Ш.ШАЯХМЕТОВ АТЫНДАҒЫ ТІЛДЕРДІ ДАМУДЫҢ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҮЙЛЕСТІРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ  
ТАРИХИ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ АТАУЛАРЫ**

**Астана, 2017**

**ӘОЖ 811.512.122**

**КБЖ 81. 2Каз-4**

**Қ 62**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің  
тапсырысы бойынша шығарылды

Редакциялық алқа:

Ғ.С. Мелдешов – Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті төрағасының орынбасары

Г.М. Құбашева – Нормативтік-лингвистикалық жұмыстар басқармасының басшысы

Е.Е.Тілешов – Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты.

**«Қостанай облысының қазіргі және тарихи атаулары» /**

**«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде»** республикалық семинарына қатысушыларға арналған материалдар / Құрастырушылар: Итеғұлова С., Жарылғасын Д., Оспан Б., Кәрімов С. – Астана, 2017. – 110 бет.

Бұл жинаққа Қостанай, Рудный, Лисаков қалалары мен Қостанай, Федоров, Таран аудандарындағы ономастикалық ахуалға талдау жасалған. Ономастикалық атаулар беруді жетілдіру мақсатында дайындалған әдістемелік ұсынымдар сала мамандарына арналады.

**ISBN 978-9965-23-417-0**

---

---

## АЛҒЫСӨЗ

Қазақстан Республикасында Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында белгіленген мақсаттар мен міндеттердің бірі кезең-кезеңімен қоғам өмірінің негізгі салаларында тіл мәдениетінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру арқылы географиялық объектілердің атауын мемлекеттік тілде жазу, оны орыс және басқа да тілдерде транслитерациялаудың ережелерін әзірлеу, көрнекі ақпараттар мен жарнама мәтіндерін рәсімдеуді біріздендіру мен үйлестіру және бақылау болып табылады. Осы мақсат-міндеттерге қол жеткізу үшін 2013 жылдың 21 қаңтарында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды.

Осы заң мен одан туындайтын нормативтік құқықтық актілер негізінде ономастика саласындағы жұмысты жүйелеуді және үйлестіруді одан әрі дамыту мәселесін шешудің жолдары үнемі жетілдірілуде.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде дамуы, ұлттық және елдік құндылықтарды қалыптастыру ономастика саласымен тікелей байланысты екендігі белгілі. Бұл бағытта ширек ғасырдай уақыт мақсатты жұмыстар атқарылғаны да мәлім, дегенмен әлі де атқарылар шаруалар жетерлік.

Ономастикалық жұмыстарды жүйелендіру үшін бірнеше ортақ тұжырымдарды қалыптастырғанымыз жөн. Мұндай тұжырымдар ономастикалық жұмыстарды жүргізудегі объективтілікке, ашықтыққа, сарабалдыққа қол жеткізіп, тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге, тәуелсіздік құндылықтарын насихаттауға үлкен көмегін тигізеді.

*Біріншіден*, еліміздегі жер-су аттарына өзінің тарихи атауларын беру мәселесі жүйелі және үнемі жүргізілуі тиіс. Бұл ретте көптеген қалаларға, аудандарға, елді мекендерге тарихи атаулары қайтарылды. Дегенмен, еліміздің бірқатар облыстарында кешегі отаршылдық, кеңестік саясаттан қалған атаулар әлі де жүздеп саналады.

---

---

Біз зерделеу нысаны ретінде алып отырған **Қостанай облысында** Ленин – 113, Совет – 73, Октябрь – 84 рет кездеседі. Біз бұл арада тек кеңестік атаулар жөнінде ғана айтып тұрмыз. Ал патшалық заманнан, одан бері де әртүрлі саяси науқандар кезендерінен қалған Алексеевка, Николаевка, Антоновка, Коммунистическая, Пролетарская, Пятилетка, Семилетка, 25 лет Октября, 40 лет Октября, 50 лет Октября, 60 лет Октября, 21 партсъезда, 22 партсъезда, 30 лет ВЛКСМ, 50 лет ВЛКСМ, 60 лет ВЛКСМ, 50 лет Каз ССР, Буденновка, Комсомольская, Пионерская, Целинная т.с.с. атаулар облыс аудандарында түгелге дерлік ұшырасады.

Бұлармен қоса Маркс, Энгельс, Бауман, Киров, Тухачевский, Урицкий, Фрунзе, Котовский, Дзержинский, Калинин тағы да басқа коммунист көсемдер мен қайраткерлердің есімдері ауылдарда, қала көшелерінде самсап тұр.

Осындай әбден **идеологиялық тұрғыдан ескірген** атаулардың әлі күнге дейін өзгертілмеуі ономастикалық жұмыстарды қарқынды етуді бәрімізден талап ететіні түсінікті.

*Екіншіден,* қайта атау немесе жаңадан атау беру кезінде халықпен санасу, көпшіліктің пікірін ескеру бойынша аудан, облыс деңгейінде жүйелі жұмыстар жасалуы керек. Ономастикалық атаулар беру мәселесі жершілдіктен, рушылдықтан, ата жарыстырудан аулақ тұрып, **елдік мүдде тұрғысынан қарастырылуы аса қажет.**

*Үшіншіден,* қазіргі таңда өлкетануға байланысты көптеген еңбектер жарық көруде. Осындай зерттеулердің нәтижелері жергілікті өңірлерде теледидар, баспасөз, интернет сайттары арқылы халыққа кеңінен насихатталуы тиіс. Ономастикалық атаулар жай ғана көше көрсеткіштері немесе елді мекен атаулары емес, еліміздің бай тарихының, табиғатының шежіресі екені көпшілікке жеткізілуі тиіс. Бұл – бір жағынан, тарихқа, атамекенге құрмет, екінші жағынан, өскелең ұрпақ үшін аса қажет өнегелі іс.

Біз – бір халық, бір мемлекетпіз. Сондықтан да қазақтың жері де, мәдениеті де ұлы тұлғалары да баршамызға ортақ. Мәселен, Ақмешіт атауы Қызылордаға, Қазығұрт Шымкентке, Ұлытау Қарағандыға ғана қатысты емес. Сол сияқты айталық, Дина Нұрпейісова есімі

---

---

тек Атырау облысында, Ғабит Мүсірепов тек Солтүстік Қазақстан облысында, Ілияс Жансүгіров тек Алматы облысында ғана емес, еліміздің барлық өңірінде ескерілуі тиіс. Қазақ – елі де, жері де, тарихы да, тілі мен мәдениеті де ортақ біртұтас ұлт. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: *«Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Қазақ – тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық»* деп арнайы атап өтті.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде дамуы, әлемдік геосаяси кеңістіктен өзінің лайықты орнын алуы баршамыз үшін қандай мақтаныш болса, тарихымызды тану мен құрметтеу де елдің абыройын асыратын мәселе. Осы тараптан келгенде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев стратегиялық маңызы зор орасан идеяларды ұсынды. Ол – Елбасы тарапынан айтылған **«Ұлы дала елі»**, **«Мәңгілік ел»** сияқты ауқымды елдік мұраттар. Осындай маңызы өте ерекше атаулар ономастикалық кеңістіктен лайықты орынға ие болғаны жөн. Мысалы, **«Ұлы дала елі»** даңғылы, **«Мәңгілік ел»** саябағы деп атаса, қандай жарасымды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырмасымен даярланған осы жинақ ономастика саласында қордаланған мәселелерге ортақ көзқарас қалыптастыру мақсатын көздейді.

---

---

## ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ

### Қала туралы қысқаша деректер

Қостанай – Қостанай облысының әкімшілік, экономикалық, мәдени орталығы. Қазақстандағы аса ірі темір, әуе және автомобиль жолдары тораптарының бірі. Батыс Сібір ойпатының дала белдемі алып жатқан оңтүстік-батыс шетін құрайтын Қостанай жазығының орталық бөлігінде орналасқан. Тобыл өзенінің, оған Әбілсай мен Қостанай деген салалары құятын биік жарқабақты террасалы жағада орналасқан.

Қостанай – осы атыраптағы байырғы елді мекендердің бірі. Оның іргесін 1897 ж. Ресей патшасының жарлығына байланысты қазақтың жергілікті руларынан тартып алынған «Қостанай» атты қоныста, Еділ бойы мен Орынбор губерниясынан көшіп келген орыс шаруалары қалаған. Алғашқыда «Николаевка» деп аталды. 1893 ж. Қазақстанның құрамында болған бұрынғы Торғай жаңадан ендірілген уездік аумақтық-әкімшілік бөлінісіне сәйкес оған «Қостанай» атауы берілді де, Қостанай уезінің орталығына айналды. 1912-1913 ж. Оңтүстік Сібір теміржолы магистралінің Челябинск-Троицк-Қостанай тармағының салынуына байланысты Қостанай Ресейде өнеркәсіптік дамуы бойынша біршама ілгері тұрған Орталық Ресей аудандарымен тікелей сауда-саттық байланыстар жасауға мүмкіндік алды. Соның нәтижесінде Қостанай Солтүстік Қазақстандағы ірі сауда орталықтарының біріне айналды.

## РУДНЫЙ ҚАЛАСЫ

### I. Рудный қаласының жалпы сипаттамасы

**Рудный** – Қостанай облысындағы қала. Рудный қаласының аумағы – 0,1 мың ш.м. құрайды. Облыс орталығынан арақашықтығы – 46 км. Бұл әкімшілік-аумақтық бірліктің құрамына **Рудный қаласы, Қашар, Горняцк, Перцев** кенттері кіреді.

**Рудный атауы** туралы төмендегідей мәлімет бар. Онда: «Соколоврудстрой» тресінің құрылысшылары кенттерін осылай деп атайтын. Алғашқы кеншілер оны Рудногорск деп өздерінше атайтын және бұл атау мейлінше байсалды естіледі деп санайтын. Трестің және комбинаттың басшылары әртүрлі органдарға хат дайындаған

---

---

кезде кері мекенжайды жазғанда «бөтен» атауды сызып тастап, әрқайсысы өздері таңдаған атауды көрсететін. Бұл мылтықсыз майданға «Огонек» журналының 1955 жылғы он төртінші нөмірі нүкте қойды. Мәскеуден келген «Огонек» журналының арнайы тілшісі Владимир Полюнов кентте біраз мекендеп, кеншілер мен құрылысшыларды суретке түсірді, ал өзі жариялаған очеркте былай деп жазды: «Бұл қала карта бетінде жоқ, тіпті оның атауы да жоқ. Бірақ жаңа Магнитка пионерлері Рудный атауы оған ең лайықты атау деп санайды». Очерктің өзі «Рудный кенті» деп аталатын.

Журнал саны еліміздің түкпір-түкпіріне тарап кетті, енді бірденені өзгерту қиынға соғар еді. Өйткені Кеңес Одағының әр түкпірінен жаңа құрылысқа ниеттенген хаттар ағылып келіп жатты, мекенжайы Қостанай облысы, Рудный қаласы деп көрсетілетін. Осы кезде жұмысшы кентіне ресми мәртебе беру мәселесі көтерілді, оның атын белгілеу керек болатын. Халық Рудный деп атап кеткеннен кейін құжатты дайындаушылар бұл шешімді құптады.

1957 жылғы 30 тамызда Республика Жоғарғы Кеңесінің Президиумі Рудный жұмысшылар кентін Рудный қаласы деп өзгертті. Сол уақыттан бері Рудный қаласы Қостанай облысындағы және республикамыздағы ірі өнеркәсіптік және мәдени орталық болып өсті» , – делінеді.

Бірақ бұл жердің тарихи атауы *Сарыбай* екенін естен шығармағанымыз жөн /7/.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев рухани салаға салмақ салатын уақыт келгенін ескертіп, біртұтас ұлтты қалыптастыру үшін ұлттық санаға ден қою, дем беру қажет екендігін баса көрсетіп отыр. Жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодты сақтай білу. Жаңғыру – елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алу. Осы рухани құндылықтар негізінде бәсекеге қабілетті ел болып, әлем елдерінің арасынан лайықты орнымызды табу.

Әр елдің ғасырлар бойы қалыптасқан, қоғам қабылдаған, халық бойына сіңірген бай рухани құндылықтары бар. Біздің де ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі сақталуы тиіс.

Жаһандану заманында рухани сананы жетілдіру басты бағдарға алынған. Бұл жоспарларды іске асыратын – елін, жерін, халқын сүйе-

---

---

тін патриот жастар. Өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында оқу жоспарына «Туған жер» бағдарламасы енгізіледі. Сөйтіп, «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады. Туған жерді сүйуге баулуды алдымен сол туған жеріміздің тарихи атауларын қайта жаңғыртудан бастағанымыз жөн.

## **ЛИСАКОВ ҚАЛАСЫ**

### **I. Лисаков қаласының жалпы сипаттамасы**

Лисаковск – Қостанай облысындағы қала. Ол Тобыл өзенінің бас жағында, Тобыл бекетінің ірі теміржол торабының оңтүстігіне қарай 18 километрде, облыс орталығы болып табылатын Қостанай қаласынан оңтүстік-бастысқа қарай 110 километрде орналасқан.

Бұл әкімшілік-аумақтық бірліктің құрамына *Лисаков қаласы, Октябрь* кенті және *Красногор* ауылы кіреді.

*Лисаков* қаласының тарихи атауы – **Наурызбай** /2/.

*Красногор* және *Октябрь* атаулары идеологиялық жағынан ескірген, тәрбиелік мәні жоқ атауларға жатады.

## **ҚОСТАНАЙ АУДАНЫ**

### **I. Қостанай ауданының жалпы сипаттамасы**

Қостанай ауданы Орынбор-Торғай губерниясының Қостанай уезінің болыстары және Қостанай губерниясының құрамындағы жаңадан құрылған Свердлов болыстығы негізінде (орталығы — Қостанай қаласы) 1921 жылы 1 сәуірде құрылды. Қостанай ауданы – құрылған күннен бастап бүгінгі таңға дейін бірнеше мәрте әкімшілік-аумақтық құрылымы жағынан өзгерістерге ұшыраған аудандардың бірі. 1994 жылдың 15 шілдесіндегі Қостанай облыстық мәслихаты шешімімен бұрынғы селолық кеңес шеңберінде селолық округтер құрылды. 1997 жылдың 17 маусымындағы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Қостанай ауданының транскрипциясы өзгерді. Қазіргі Қостанай ауданының құрамы төмендегідей:



---

---

## *Затобол кенті*

### *Тарихи деректер:*

Затобол кентінің атауы туралы кей деректерде «Солтүстік Қазақстанда тұрақтанбақшы болған шаруалардың бір шоғыры асау Тобыл өзенінің оң жақ жағалауына аз-аздан қоныстанады. Алғашында алты отбасы тұрақтаған шағын қоныс XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басына қарай сегіз жүз түтінге дейін жетеді. Ол Қостанайға және Тройцкіге балық, нан, ет керуенін және қара малды жеткізу бөлімшесіне айналады. Алыс жолдан шаршаған жолаушылар мұнда пана мен жылу табады. Елді мекеннің айналасындағы жерлер құнарлы болғандықтан, оған шаруалар бидай, картоп, қара бидай өсіреді. Жергілікті жерлерге қоныстану жоспарсыз жүріп, жер бөліп алуды әрбір жаңа қоныстанушы өз бетімен жүзеге асырғандықтан, қоныс аударушылар алғашында өз қонысын Самодуровка деп атайды. Қоныстанушылардың таңданарлық еңбекқорлығы мен табандылығына тәнті болған уез басшылығы Қостанайдағы жаңа кенттің пайда болу фактісімен келісіп, өзін-өзі басқару жүйесіндегі елді мекен ретінде тіркейді» – делінеді /1/.

Көріп отырғанымыздай, «Затобол – Тобылдың арғы бетіндегі елді мекен» деген сөзден туып отыр. Ал шынтуайтына келсек, бұл құнарлы, шөбі шүйгін, шабындығы қалың жерді ата-бабамыз «Құтты алап» деп атаған /2/.

Бұл туралы классик жазушы Бейімбет Майлиннің «Жалбыр» повесінде мынадай дерек кездеседі.

«Тобыл өзенін төмен қуалай жүріп отырсаң, бір ауылдан кейін екінші ауыл кездесіп, Қостанай қаласына жеткенше екі болыс елдің басынан кіріп, аяғынан шыққандай боласың. Әсіресе жерін айтсайшы. Ат шаптырым жерді алып жатқан кең алаптар Тобыл өзені тасыған кезде теңіздей боп кетеді. Май ішінде тасыған су қайтып, июнь ішінде сол алаптар мың түрлі-түсті жоңышқамен безенеді, июль ішінде қыбырлаған адаммен толып, жарқылдаған орақты көресің. Үй орнындай жерден бір кебен шөп беретін «Тобылдың құтты алабы» атанған жер – осы. Алаптың шөбі байдың малына сұлыдан да жұғымды. Кедейдің малына мұның шөбі бұйырған емес: кедейдің байға қарызданбай жүрген күні бар ма, алаптан алған

---

---

шөбі сол қарызын өтеуге кетеді...» (Б.Майлин. «Ел сыры». Алматы: Жазушы, 1994 ж.) Бұл екі дерекке қарап отырсақ, құнарлы жерге қызыққан шаруалар жергілікті халықтың шабындық алқабына қоныстанып, оған бау-бақша егіп, там салып қана қоймай, өздерінің ат қою рәсімімен Тобыл өзенінің арғы жағындағы елді мекен, яғни Затобол деп атап кеткені ап-айқын көрінеді. Ал бұл өлкенің Самодуровка аталуы туралы жазушы Жайсаңбек Молдағалиев («Жомарт жүрек» Алматы: Өнер, 1990 ж.) былай дейді: «Самодуровка Тобылдың шығыс бетіне орналасқан, уездік қаланың қалқаны секілді, ылғи аннан, мұннан қашқан, не адамның, не Құдайдың есебінде жоқ жатақтар мекені болатын. Қыр елінен қалаға келушілер ол мекенді айналып өтіп, Тобыл өзенінің паромына басқа жақтан келіп мінетін. Өйткені мұндағы жатақ бұзақылары көлденең көк аттыны өткізбей, не тонап жіберетін, не сабап жіберетін. Сол мінезіне лайық ресми Затоболовка аты өзгеріп, Самодуровка болып кеткен» /2/.

Жазушы Ыбырай Алтынсаринға арналған «Алғашқы қоңырау» атты кітабында: «Кедей-кепшіктің, жетім-жесірдің қара сирақ жетімектерін тышқан андыған қара жапалақтай қағып алып, Тобылдың суына бір батырып алады да, православиеге кіргізе салады. Тіпті, осы Қыпшақ жұртында Тобылдың Әбілсай аталатын иіріміне және бір форпостың қалана бастаған кезі еді. Өзеннің күншығыс бетіне көшкен бейбастақ әскерлердің мекенін орыстар «Самодуровка», қазақтар «Дорақ қала» деп атай бастаған. Ашытпа араққа тойып алған әскерлер атты қазақ кездесе, анадайдан мылтық атып, тымағын түсіріп, сабап жібереді, әйел жолықса, абыройын төгеді» – деп жазады /2/.

Патша әскерлері жергілікті халыққа қырғидай тиюмен бірге, қоныстанушы шаруаларды да мүсіркей қоймаған. Халықтың жаздайғы жиған өнімдерін тартып алу, зорлық-зомбылық көрсету үйреншікті іске айналған. «Самодуровка» атауы осы шындықты сипаттап-ақ тұр. Қарап тұрсақ, «Затоболовка» атауының мағынасы бұлдыр. Орыс тілінде де мәні аз. Егер «тобол» сөзінің түп төркінін Тобыл өзенімен байланыстырсақ, атаудың о бастан бұрмаланғанын байқаймыз. «Құтты алап» деген тамаша жер атауының тәрбиелік мәні де зор, тарихи маңызы да жоғары.

---

---

***Александров ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына ***Александровка, Давыденкова, Жукова*** ауылдары кіреді. Александровка ауылы Затобол кентінен 43 км орналасқан. Ауылдың тарихи атауы – ***Шектібай*** /3/ .

***Давыденовка ауылы*** Затобол кентінен 30 км орналасқан. Тарихи атауы – ***Кенжебай*** /3/.

***Белозер ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына ***Белозерка, Балықты, Сергеевка, Борис-Романовка*** ауылдары кіреді. Белозерканың тарихи атауы – Ақкөл.

***Сергеевка*** атауы да кеңестік дәуірдегі көп тараған атаулардың бірі. Ақтөбе облысында Новосергеевка атауын – Құмсай, ал Сергеевканы Қарабұлақ деп қайта атаса, Алматы облысында Сергеевка – Бесмойнақ, Шығыс Қазақстан облысында Сергеевка – Қайнар деген тарихи атауларын алған.

***Владимиров ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына ***Владимировка, Сормовка, Янушевка, Воскресеновка*** ауылдары кіреді. Қостанай ауданының солтүстік бөлігінде орналасқан ***Владимировка*** ауылының тарихи атауы – ***Қайранкөл*** /3/ .

***Сормовка ауылының*** атауы Ресей Федерациясы Нижний Новгород қаласының Сормово ауданында орналасқан локомотив жасау зауытының құрметіне қойылған болатын. Ал тарихи атауы – ***Малай – Бектау.***

***Воскресеновка ауылының*** атауы аптаның жексенбі күнімен байланысты қойылған. Бұл жерді қазақ ауылдары қоныстанған. Жалпы осындай атауды беру кеңес дәуірінде кең етек алған. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Жетікөл округіне жататын ауыл да осылай аталады. Бұл атау Шығыс Қазақстанда, Павлодар, Жамбыл облыстарының елді-мекендерінде де кездескен. Бір қуантарлығы жамбылдықтар бұл атауды тарихи тұлға Андас батырдың есімімен сәтті алмастырған /4/.

***Глазунов ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына ***Глазуновка, Семеновка,***

---

---

*Степное* ауылдары кіреді. *Семеновка* атауының да тарихи мәні буалдыр. Қарағанды облысындағы бұл атау өзінің тарихи Қабакөл деген атауымен алмастырылған.

Орыс отаршылары үшін қазақ жері ұшы-қиыры жоқ ең дала, иесіз жатқан қу мекен тәрізді көрінгені анық. Сол себепті ме *Степное* атауын да оңды-солды қоя бергенге ұқсайды. Сөзіміздің дәлелі ретінде Кеңестік дәуірде бір ғана Павлодар облысында *Степное* атауымен екі бірдей елді мекеннің аталғанын айта кеткен жөн. Алайда, ел тәуелсіздігін алғаннан бері Павлодар облысындағы бір *Степное* – Көктөбеге айналса, екіншісі Беріктал деген тарихи атауын жаңғыртты. Ақтөбе облысындағы *Степное* – Көкпекті, Шығыс Қазақстан облысындағы *Степное* – Құртай, Оңтүстік Қазақстан облысындағы *Степное* – Ақжар атауларымен ауыстырылды /4/.

***Жданов ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына *Аққабак, Васильевка, Жданов, Киров, Семилетка* ауылдары кіреді.

*Васильевка* атауының да тарихи мәні буалдыр. Шығыс Қазақстан облысындағы бұл атау тәрбиелік мәні жоғары Мамай бауы атауымен алмастырылған.

*Семилетка* – қоғамдық-әлеуметтік топоним, бұл атау кеңестік дәуірде ауыл шаруашылығының жоспарлы дамуымен байланысты берілген. Тарихи маңызы жоқ бұл атауды бүгінгі ел саясатына лайықты атаумен өзгерткен дұрысырақ болар еді.

***Жамбыл ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына *Алтын дала, Жамбыл және Самир* ауылдары кіреді.

***Заречный ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына *Заречный, Абай, Новоселовка, Осиновка, Рыспай, Талапкер* ауылдары кіреді. Заречный атауы өзеннің арғы беті дегенді білдіреді. Бұл атау да кеңестік дәуірде оңды-солды қойылған мағынасыз атаулардың бірі. Алматы облысындағы Заречное – Мойнақ, Павлодар облысындағы Заречное – Қызылжар атауына өзгертілгенін айта кеткіміз келеді /4/.

***Новоселовка*** ауылының тарихи атауы – ***Қастек*** /3/ .

---

---

**Майкөл ауылдық округі.**

Бұл ауылдық округтің құрамына **Мичурин, Алтынсарин, Садовое** ауылдары кіреді. Үш ауылдың да тарихи атаулары өзгерген. **Мичурин – Алтынсары көңі, Алтынсарин – Әлжан ауылы, Садовое – Қаражар** аталғанын бұл күнде біреу білсе, біреу білмейді.

**Мәскеу ауылдық округі.** Бұл ауылдық округтің құрамына **Мәскеу** және **Светлый Жаркөл** ауылдары кіреді. **Светлый Жаркөл** ауылының тарихи атауы – **Жалтыркөл /3/**.

**Надеждин ауылдық округі.** Бұл ауылдық округтің құрамына **Надеждинка, Майалап, Озерное** ауылдары кіреді. Надеждинкамен төркіндес Ақтөбе облысындағы Ново-Надеждинка атауы – Жарсай, Алматы облысындағы Надеждинская – Есік, ал Надеждовка – Қоңыр атауларымен сәтті алмастырылған.

**Озерное** атауы да кеңестік дәуірде оңды-солды қойылған мағынасыз атаулардың бірі. Осы түбірлес атау еліміздің әр түкпіріндегі 9 елді мекенде жана атаумен алмастырылған екен. Олар: Ақмола облысындағы екі Приозерное атауының бірі – Жалғызқарағай, екіншісі – Родина, Ақтөбе облысындағы Приозерное – Ақкөл, Шығыс Қазақстан облысындағы Приозерное – Тұғыл, Қарағанды облысындағы Озерноенің бірі – Бұқар жырау, екіншісі – Шашубай, Қостанай облысындағы Семиозерное – Әулікөл, Шығыс Қазақстан облысындағы Кривоозерное – Саумалкөл, ал Озерное – Тілеусай /4/.

**Октябрь ауылдық округі.**

Бұл ауылдық округтің құрамына **Октябрь, Молокановка, Лиманное, Нечаевка, Рыбное, Шоққарағай** ауылдары кіреді. Октябрь атауы – идеологиялық тұрғыдан ескірген атау.

**Молокановка** ауылының тарихи атауы – **Алтыбас-Санай** ауылы /3/.

**Рыбное** атауы **Балықты** атауымен алмастыруға сұранып-ақ тұр.

**Половников ауылдық округі.**

Бұл ауылдық округтің құрамына **Половников, Жақсылық** ауылдары кіреді.

**Садчиков ауылдық округі.**

Бұл ауылдық округтің құрамына **Садчиковка, Константиновка** ауылдары кіреді. Екі атаудың да маңызы аз, мағынасы бұлыңғыр.

### *Ульянов ауылдық округі.*



Бұл ауылдық округтің құрамына *Ульянов, Бегежан, Ломоносовка* ауылдары кіреді. *Ульянов* атауы идеологиялық тұрғыдан ескірген атауға жатады. Алматы облысындағы Ульяновское – Ынтымақ, ал Қарағанды облысындағы Ульяновский район – Бұқар жырау, ал Ульяновское ауылы – Ботақара болып қайта жаңғырды /4/.

### *Шишкин ауылдық округі.*

Бұл ауылдық округтің құрамына *Суриков және Шишкин* ауылдары кіреді.

Қостанай ауданы бойынша елді мекен атауларының ахуалын төмендегі сызбадан көруге болады.

1. Қостанай ауданы бойынша атаулардың жалпы саны – **52**
2. Қазақ тіліндегі атаулар – **10**
3. Орыс тіліндегі атаулар – **42**
4. Идеологиялық жағынан ескірген атаулар – **13**
5. Тарихи атаулары өзгертілгені – **10**



---

---

## ФЕДОРОВ АУДАНЫ

### І. Федоров ауданының жалпы сипаттамасы

Федоров ауданы 1928 жылғы 17 қаңтарда құрылды. Аудан Қостанай облысының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Аудан орталығы – Федоров ауылы. Федоров ауданының құрамы төмендегідей:

**Федоровка** ауылының тарихи атауы – Жаркөл /5/.

**Баннов ауылдық округі.**

Бұл ауылдық округтің құрамына **Баннов, Қара қона, Цабелев, Чехов** ауылдары кіреді.

**Вишневый ауылдық округі.**

Бұл ауылдық округтің құрамына **Вишневый, Балықты, Беляровка, Уйский, Усаковка** ауылдары кіреді.

**Вишневый** ауылы Сарықопа көлінің жағасындағы орманды-далалы алқапта орналасқан. Көршілес Ақмола облысының Вишневский ауданы Аршалы, ал Вишневский ауылы Ақбұлақ болып сәтті өзгеруі – ауыл тұрғындарына үлгі боларлық іс.

**Беляровка** – Федоровка ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 85 км-дей жерде орналасқан ауыл. Тарихи атауы – **Ақжарлы жер.**

**Уйский** ауылының тарихи атауы – **Мешіт ауылы** /3; 6/.

**Усаковка** ауылының тарихи атауы – **Ұсақ** /3/.

**Воронеж ауылдық округі.**

Бұл ауылдық округтің құрамына **Придорожный, Лысановка, Бикелек, Успенев** ауылдары кіреді.

Тағы да көрші Ақмола облысын мысалға алып, онда **Придорожныйды** – **Ақбұлақ** атауымен өзгерткенін айта келіп, Лысановканы – Қаракөлмен, Успеновканы – Мыңжасармен алмастырсақ тарих алдындағы парызымызды ақтаған болар едік дегіміз келеді.

**Жаркөл ауылдық округі.**

Бұл ауылдық округтің құрамына **Жаркөл, Александрополь, Андреевка, Владыкина, Затышенка, Копыченка, Приозерное, Целинное** ауылдары кіреді.

**Андреевка** атауы да кеңестік дәуірдегі көп тараған атаулардың бірі. Ақтөбе облысында Андреевка атауын – Қызылжар, Алматы облысында Андреевка – Қабанбай, Шығыс Қазақстан облысында

---

---

Андреевка – Жаңа тілеу, Жамбыл облысында Андреевка - Бөлтірік атауларымен алмасты /4/.

**Владыкина** ауылының тарихи атауы – **Қосжалтыр** /3/.

**Затишенка** ауылының атауы «затишье» сөзінен шыққан. Тәрбиелік мәні жоқ.

**Копыченка** ауылының тарихи атауы – **Кәштау** /3/.

**Приозерное** атауы туралы Қостанай ауданындағы атауларды талдау барысында жан-жақты тоқталған болатынбыз.

**Целинное** ауылының тарихи атауы – **Байсалды** /3/.

**Камышинь ауылдық округі.**

Бұл ауылдық округтің құрамына **Шаңдақ, Қамысты шаңдақ, Алаботалы, Жәңгір, Северное, Стенное** ауылдары кіреді.

Павлодар облысында **Северное** атауын **Ертіс** деп өзгертуі – ауыл тұрғындарына үлгі боларлық іс.

**Стенное** атауына да Қостанай ауданындағы атауларды талдау барысында жан-жақты тоқталған болатынбыз.

**Қоржынкөл ауылдық округі.**

Бұл ауылдық округтің құрамына **Лесное, Березовка, Костычевка, Озерное** ауылдары кіреді. Бұл ауылдардың атауы жаңғыртуды тілеп-ақ тұр. Мыңбай, Жекен, Сарыкөл өзендерінің атауларын қою – тарихқа көрсетілген құрмет болар еді.

**Қосарал ауылдық округі.**

Бұл ауылдық округтің құрамына **Кеңарал, Жыланды, Заринское, Новостройка, Тұрағаш** ауылдары кіреді. Заринское – Көкжиек, Новостройка – Жаңа қоныс деген мағынаны білдіреді.

**Костряков ауылдық округі.**

Бұл ауылдық округтің құрамына **Костряков, Волковка, Грачев, Запасное, Ивангородское, Курское, Новоукраинка** ауылдары кіреді.

**Курское** ауылының тарихи атауы – **Тәті ауыл** /3/.

**Ленин ауылдық округі.**

Бұл ауылдық округтің құрамына **Ленин, Жаңақай, Байқайың, Заозерный, Новый** ауылдары кіреді.

**Ленин** ауылының тарихи атауы – **Байғара** /3; 6/. Қазақ халқын ғана емес, Кеңес Одағының құрамына кірген барлық елдерге тажалдай болған, тіпті Ресей жұртшылығының өзі тарихи жендет ретінде



---

---

кабылдаған тұлғаның атауын әлі күнге алмастырмау – тұрғындарға да, атқарушы билік иелеріне де үлкен сын. *Заозерный, Новый* ауылдарының атаулары да өзгертуге сұранып тұр. Алматы облысында Новый – Қосөзек, Маңғыстау облысында Новый Узень – Жаңаөзен, Ақтөбе облысында Новый – Жаңақоныс болып өзгеруі үлгі болса екен /4/.

***Новошумный ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына *Тогызак, Новошумный, Старошумный, Подгородное* ауылдары кіреді.

***Новошумный*** ауылының тарихи атауы – **Қоскөл** /3/.

***Первомай ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына *Первомай, Дружба, Саржау, Трактов* ауылдары кіреді.

***Первомай*** ауылының тарихи атауы – **Үлкен барак** /3/.

***Дружба*** ауылының тарихи атауы – **Дәулетбай** /3/.

***Трактов*** ауылының тарихи атауы – **Батпақкөл** /3/.

***Пешков ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына *Пешков, Большое, Давыдов, Калинов, Кравцов, Новоборисов, Полтавка, Тельманов* ауылдары кіреді.

***Кравцов*** ауылының тарихи атауы – **Төртқара** /3/.

***Большое*** ауылы өз атауын большевик сөзінен алады. Бұл да идеологиялық жағынан ескірген атау.

***Калинов*** ауылының тарихи атауы – **Жүзжарған** /3/.

***Полтавка*** ауылының тарихи атауы – **Балтау** /3/.

***Украинский ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына *Малороссийка, Дмитриевка, Домбарка, Дубровка* ауылдары кіреді.

***Федоровка*** ауылының тарихи атауы – **Жаркөл** /3/.

***Дмитриевка*** атауы да Сергеевка, Андреевка сияқты кеңестік дәуірдегі көп тараған атаулардың бірі.

***Шаңдақ ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына *Мирный, Арал, Крам, Дорожный* ауылдары кіреді.

Шығыс Қазақстан облысында Мирный атауын тарихи Көкте-

рек атауымен алмастырса, Ақмола облысында Придорожное атауы Ақбұлаққа ауысқан. Көрші облыстардың жарқын жаңалықтарын осы өлкеге де енгізсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Федоров ауданы бойынша елді мекен атауларының ахуалын төмендегі сызбадан көруге болады.

1. Федоров ауданы бойынша атаулардың жалпы саны – **67**
2. Қазақ тіліндегі атаулар – **17**
3. Орыс тіліндегі атаулар – **50**
4. Идеологиялық жағынан ескірген атаулар – **30**
5. Тарихи атаулары өзгертілгені – **19**



---

---

## ТАРАН АУДАНЫ

### I. Таран ауданының жалпы сипаттамасы

Таран ауданы 1939 жылғы 29 қаңтарда құрылды. 1922 жылға дейін ауданның қазіргі аумағы Аят болыстығының құрамына кірді. Атауы Викторов болыстығы болып өзгертілді. Кейін ол алдымен Викторов, кейін Тобыл ауданы атанды. Ал 1966 жылдан бастап Таран ауданы болып аталады. Аудан орталығы — Таран ауылы. Таран ауданының құрамы төмендегідей:

*Тобыл, Евгеновка, Приозерное, Юбилейное* ауылдары және бір-неше ауылдық округтер. Алдымен ауылдарға тоқталайық.

*Евгеновка* ауылының тарихи атауы – **Матай** /3/.

*Приозерное* ауылының тарихи атауы – **Мақпал** /3/. Жалпы бұл атаудың оңды-солды қойыла бергендігі, еліміздің әр өңірінде бұл атауды жергілікті жердің тарихи атауымен алмастырғаны туралы жоғарыда жан-жақты талқыланды.

*Юбилейное* атауы да кеңестік дәуіріндегі көп тараған атаулардың бірі.

Ақтөбе облысындағы Юбилейный атауы – Алтынды, Алматы облысындағы Юбилейный – Көлсай, Шығыс Қазақстан облысында Юбилейный – Бөке, Қостанай облысы Жангелді ауданындағы Юбилейный ауылы – Милысай, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Юбилейное ауылының бірі – Өркен, екіншісі – Жаушықұм атауларымен сәтті алмастырылған.

*Асенкритов ауылдық округі.*

Бұл ауылдық округтің құрамына *Асенкритов, Варваринка, Қызыл-Жар, Майлин, Николаевка, Баталы* ауылдары кіреді.

*Асенкритовка* ауылының тарихи атауы – **Ахмет ауылы** /3/.

*Варваринка* ауылының тарихи атауы – **Көрпелі** /2/.

*Николаевка* атауы да кеңестік саясатпен қойыла салған ешбір мағынасыз атаулар. Тарихи атауы – **Қызылтал** /2/.

Осы түбірлес атау еліміздің әр түкпіріндегі 9 елді мекенде жаңа атаумен алмастырылған екен. Олар: Алматы облысындағы үш Николаевка атауының бірі – Ажар, екіншісі – Жетіген, үшіншісі – Құйған, Шығыс Қазақстан облысындағы екі Николаевка атауының бірі – Кентарлау, екіншісі – Мойылды, Жамбыл облысындағы Николаев-

---

---

ка – Шапырашты, ал Новониколаевка – Байзақ, Павлодар облысындағы Николаевка – Мамбеткөл, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Новониколаевка – Жабағылы /4/.

***Белинский ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына *Жамбаскөл, Қайыңдыкөл* ауылдары кіреді.

***Қайранкөл ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына *Қосжалтыр, Достияр, Мақсұт, Шегебай* ауылдары кіреді.

***Калинин ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына *Береговое, Нагорное* ауылдары кіреді. Бұл атаулар да тарихи, идеологиялық, тәрбиелік мәні жоқ атауларға жатады. Төркіні жағынан Озерная, Степная атауларымен сарындас. Өскелең ұрпаққа қазақстандық патриотизмнің дәнін себетін құнды атаулармен алмастырған жөн болар еді. Көршілес Ақтөбе облысында Нагорное атауын тарихи Саржансай атауымен алмастырып, оңтайлы шешім тапқан.

***Красносельский ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына *Аят, Журавлевка, Красносельское, Щербиновка* ауылдары кіреді.

*Красносельское* – идеологиялық жағынан ескірген атау. Еліміздің әр түкпірінде осы түбірлес 39 атаудың өзгергенінің өзі атаудың түп-төркіні туралы көп мән береді. Тарихи атауы – *Қараоба*.

*Щербиновка* ауылының тарихи атауы – *Қайыңдыкөл* /3/.

*Журавлевка* ауылының тарихи атауы – *Жабағы* /3/.

***Май ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына *Май, Приреченское* ауылдары кіреді.

*Май* – идеологиялық ескірген атау. Бұл – 1-Май мерекесіне байланысты қойылған, кеңестік саясатты насихаттайтын атаулардың бірі. Ал *Приреченское* атауы Озерная, Степная, нагорное атауларымен сарындас.

***Набережный ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына *Набережный, Елизаветинка, Халвай* ауылдары кіреді.

---

---

*Халвай* ауылы дыбыстық өзгерістерге ұшыраған. Тарихи атауы – **Қалбай /3/**.

*Набережный, Елизаветинка* тарихи, идеологиялық, тәрбиелік мәні жоқ атауларға жатады.

***Нелюбин ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына *Нелюбин, Барсуков* ауылдары кіреді.

*Барсуков* ауылы дыбыстық өзгерістерге ұшыраған. Тарихи атауы – **Борсықбай /2/**.

*Нелюбин* ауылының тарихи атауы – **Қосшығұл /3/**.

***Новоильинский ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына *Ақсуат, Богородское, Валерьяновка, Козыревка, Ленин, Мирный, Новоильиновка, Притобольское, Увальное* ауылдары кіреді. Көріп отырғанымыздай, ауылдық округтің атауы және ондағы ауыл атауларының дені идеологиялық жағынан ескірген, тәрбиелік мәні жоқ, бүгінгі күн талаптарына сай емес атауларға жатады.

***Павлов ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына *Апановка, Қоржынкөл, Павловка* ауылдары кіреді.

*Апановка* ауылы дыбыстық өзгерістерге ұшыраған. Тарихи атауы – **Апан /3/**.

*Павловка* ауылының тарихи атауы – **Майшолақ /2/**.

***Таран ауылдық округі.***

Бұл ауылдық округтің құрамына *Таран, Вороненское, Орынбор* ауылдары кіреді.

*Таран* ауылының тарихи атауы – **Әйет /3/**.

*Ленин* ауылының тарихи атауы – **Қорпылдақ /2/**.

***Үшсор ауылдық округі.***



Бұл ауылдық округтің құрамына *Смайловка, Үшсор* ауылдары кіреді.

*Таран* ауданы бойынша елді мекен атауларының ахуалын төмендегі сызбадан көруге болады.

1. Таран ауданы бойынша атаулардың жалпы саны – **46**

2. Қазақ тіліндегі атаулар – **17**, оның ішінде **3** атау дыбыстық өзгерістерге ұшырап, мағынасы адам танымастай құбылған.

- 
- 
3. Орыс тіліндегі атаулар – 29
  4. Идеологиялық жағынан ескірген атаулар – 15
  5. Тарихи атаулары өзгертілгені – 5



---

---

## ҚОРЫТЫНДЫ

Ономастикалық атаулар – қоғаммен бірге жасап, біте қайнасатын этникалық мәдениетіміздің белгісі. Халқымыз «Жер-судың аты – тарихтың хаты» дегенде ономастикалық атаулар ұлттың тарихынан, салт-дәстүрінен, таным-түсінігінен хабар беретіндігін меңзесе керек. Ономастиканың тұғыры ұлттық мүдде екенін ескерсек, «қазақ ономастикасы елдігімізді насихаттауда, ұлт тағдыры үшін талай жан алысып, жан беріскен тарихи тұлғаларын ұлықтауда діттеген межеден шыға алып жүр ме?» деген сұрақ туындайды.

Ғалым Ақылбек Шаяхметов «Тарихи атаулар қайта оралу керек» атты мақаласында жер-су атаулары төңірегінде тұшымды ойлар айтады. Құнды пікірлер ғылыми және тарихи деректерге сүйене отырып айтылған мақаладан зерек жандар көкейіне түйсін деген оймен ауқымды үзінді бергенді жөн санадық.

«Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы» – деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, осы екі заманға дәнекер болатын бүгінгі күн біздің алдымызға ауыр да абыройлы міндет қойып отыр. Өткен заманнан қалған қоқыс көп.

Батпандап кірген аурудың мысқалдап шығатыны рас болса, кешегі отаршылдықтан басталып, бүгінгі күнге жалғасқан орыстану саясатын тоқтатып, жөнсіз өзгертілген жер-су аттарын қалпына келтіру оңай шаруа емес. Бұқаралық ақпарат құралдары бетінде кейінгі кезде жер-су атауларына байланысты «тисе терекке, тимесе бұтаққа» дегендей неше түрлі қисынсыз болжамдар жазылып жүр...

... Облыстағы 4 қаланың екеуінің атауы орысша. Рудныйдың байырғы атауы – Сарыбай. Лисаков қаласының орнында бұрын Наурызбай деген елді мекен болған...

... Қостанай облысының картасына көз салсаңыз, зорлықпен таңылған атаулар аяқ аттаған сайын жолығады.

Никитинка, Степановка, Михайловка, Суриковка, Костряковка, Рязановка, Давыденовка, Константиновка, Татьянаевка, Янушев-ка, Докучаевка, Малороссийка, Варваровка, Нечаевка, Крыловка, Свердловка, Ливановка, Успеневка, Диевка, Москалевка, Тимофеев-ка, Анновка, Буденновка, Маковка, Славянка, Каменка, Лютинка,

---

---

Белояровка, Харьковка, Тимирязевка, Барвиновка, Новониколаевка, Новопокровка, Новонежинка, Новошумновка, Воскресеновка, Ершовка, Миролюбовка, Святогорка, Милютинка, Валерьяновка, Банновка, Костряковка, Подгородка, Тавриченка, Затоболовка...

Не мағынасы жоқ, не жер тарихына қатысы жоқ осындай атаулар құмырсқадай құжынап жүр. Қазақ ұғымына сай деген кейбір атаулардың өзі Шакировка, Шадыксаевка болып бұрмаланған. Бұл жалғауы «сқаға» біткендердің бір парасы ғана. Ал Александровский, Владимирский, Бауманский, Ленинский, Приуральский секілді жалғауы «скийларға» көшсек, оны айтып тауысудың өзіне едәуір уақыт керек.

Жер-су және ауыл атауларына бір кездегі көзқарасқа кісінің күлкісі келеді. Мәселен, Әуликөл ауданында әлгінде аталған Шакировка деген ауыл болды. Шәкір деген сол ауылда озат шопан болған, ауыл болса сол кісінің көзі тірісінде-ақ Шакировка аталған. Бұл ол кісінің беделіне байланысты емес, сол тұстағы ұлты орыс басшының бірі: «озат шопан Шәкірдің ауылын Шакировка деп жаза салындар» деген бір ауыз сөзден қойылып кеткен.

Қазақ даласында осы күні Затобол, Заречный, Притобольский, Приреченский секілді зорлап жапсырылған жер атаулары көбейіп кетті. Бұл сөздердің мағынасы Тобылдың жағасы, сырты, өзеннің жағасы немесе маңайы деген ұғымды білдіретіні аттарынан-ақ көрініп тұр.

Қасиетті жер атауын қайтарып беруді талап ететін мезгіл жеткен тұста жеткен жерімізді салмақтап, асылдарымызды ардақтап жатсақ, бұл – елдіктің белгісі. Тәні өртке шарпылған, санасы дертпен уланған, жанары жаспен суланған халықтың тілі әлі күнге тоқалдан туған баланың күйін кешіп келеді.

Атамекенімізді бірлігіміздің айғағы, ана тілімізді тірлігіміздің қайнары деп есептейтін болсақ, жеріміздің төбе құйқасы сыпырылып, жайылымға жаманы ғана қалғанын, суымыздың балығы мен бақасы таусылып, табаны ғана қалғанын, жағалаудың жекені мен борығы таусылып, келімсектердің бос қалбыры мен арағы ғана қалғанын, ал қазақ тілінің бұлтылдаған бұлшық еті бар білегі емес, сүйегінде жілік майы бар, тепсе темір үзетін аяғы да емес, жәудіреген жанары ғана қалғанын мойындауымыз керек.



---

---

Ешқашан кемдік көрмеген орыс тіліне теңдік сұрағандар пиғылын түсіну қиын. Тың кеңшарлары қазақ ауылдарының кескін-келбетін айқындай алмайтыны ақиқат /2/.

Ономастикалық атау беру бүгіннің ғана шаруасы емес. Сол атауларды көшелерге, нысандарға беру арқылы еліміздің, халқымыздың тарихы мен мәдениетіне, көрнекті тұлғаларға зор құрмет көрсетіледі. Әрі көпшіліктің назарына белгілі бір құнды ақпарат ұсынатынымызды ұмытпағанымыз абзал. Сондықтан бойында тарихи, саяси және мәдени ақпарат жинақталған мұндай атауларды ұсынуда үлкен ыждаһаттылық танытуымыз қажет. Әр атау ономастикаға қатысты заңнамалық құжаттарға, ең бастысы **мемлекеттілігіміздің мүддесіне сәйкес** әбден саралануы қажет. Осыны елін сүйер әр тұлға есінде сақтағаны дұрыс.

---

---

# СОВРЕМЕННЫЕ И ИСТОРИЧЕСКИЕ НАЗВАНИЯ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## ВВЕДЕНИЕ

Целями и задачами, намеченными Государственной программой развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011- 2020 годы, является совершенствование развития языковой культуры в обществе, и в том числе доработки нормативно-правовой базы в сфере ономастики, разработки правил написания на государственном языке и транслитерации на русском и других языках, упорядочение и координация наименований географических объектов, мониторинг наглядных информации и текстов реклам в сфере ономастики. Для достижения реализации задач государственной программы 21 января 2013 года был принят Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам ономастики».

На основе этого закона и последующих нормативно-правовых актов ведется целенаправленная работа по совершенствованию ономастической деятельности.

Развитие Казахстана как независимого государство, создание национальных и государственных ценностей тесно связано и с сферой ономастической деятельности. В течение двадцати пяти лет государственной независимости успешно реализованы многие задачи в этом направлении.

В целях упорядочения ономастической работы необходимо определить общие принципы. Такие ономастические принципы должны строиться на объективности, прозрачности и неотменности исторической справедливости, на укреплении ценности и приоритетности цели государства.

*Во первых*, работа по возрождению исконно географических названий должна проводиться постоянно и системно. В связи с этим будут возвращены исторические названия городов, районов и населенных пунктов. Но к сожалению, в некоторых регионах республики

---

---

до сих пор остаются названия царской колониальной политики и идеологии советской системы.

В Костайской области, которая является объектом данного анализа, на сегодня неизменными остаются названия: Ленина – в 113 объектах, Советской – 73, Октябрьской – 84. Это только названия советского периода. Много названий остаются со времен царской колониальной эпохи и разных политических компании, например, Алексеевка, Николаевка, Антоновка, Коммунистическая, Пролетарская, Пятилетка, Семилетка, 25 лет Октября, 40 лет Октября, 50 лет Октября, 60 лет Октября, 21 партсъезда, 22 партсъезда, 30 лет ВЛКСМ, 50 лет ВЛКСМ, 60 лет ВЛКСМ, 50 лет Каз ССР, Буденновка, Комсомольская, Пионерская, Целинная и т.д.

Кроме того, до сих пор в названиях улиц ауылов и городов встречаются имена коммунистических вождей и деятелей: Маркса, Энгельса, Баумана, Кирова, Тухачевского, Урицкого, Фрунзе, Котовского, Дзержинского, Калинина.

Понятно, что такие **устаревшее идеологические названия** остаются по-прежнему на вывесках улиц ауылов и городов, что требует усиления онтомастической работы на местах.

*Во-вторых*, при переименовании необходимо учитывать мнения всего населения, для этого необходимо районным, областным органам активно проводит работу по переименованию исходя из учета общественного мнения. В вопросах переименования не должно быть землячества, или трайболистических настроев, переименования **должны исходит из интересов государства.**

*В третьих*, сегодня издаются множество научных трудов, исследований и познавательных материалов по краеведению. Такие материалы должны активно освещаться населению через средства массовой информации, теле-радиовещания, интернет-ресурсы. Переименования названия не только показатель местности, улиц, ауылов, это прежде всего история и летопись нашей страны. Это дань истории и уважения родной земле, истории Родины, а главное все это нужно будущему поколению казахстанцев.

Мы - один народ, одно государство. Поэтому и земля, и культу-

---

---

ра, и видные деятели страны - наше общее достояние. Например, названия Акмешіт в Кызылорде, или Қазығұрт в Шымкенте, Ұлытау в Караганде не относится только им. Имена великого казахского композитора Дины Нурпейсовой, великих писателей и поэтов, таких как Габит Мусрепов, Илияс Жансугуров гордость и достояние не только жителей Атырауской, Северо-Казахстанской и Алматинской областей соответственно, они едины для всех, и должны учитываться при переименовании во всех регионах страны. Казахская земля, ее история, язык и культура народа является единым для нации. Глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев почеркнул: *«Вся история Казахстана – это история единства. Казахи – народ, который всегда шли путем единения и объединения».*

Мы гордимся развитием Казахстана как независимого государства, признанием его достойное место в глобальном геополитическом пространстве, и признаем что без признания нашей истории и уважения к прошлому нет будущего страны.

